



Бұйрық № 126

1 Мамыр ауылы

31.08.2021ж

**2021-2022 оқу жылының басталуын,
ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2021 жылғы 11 тамыздағы №220 санды бұйрығы, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 23.08.2021ж №184-н/к бұйрығын басшылыққа алып бұйырамын:

7. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепте 2021-2022 оқу жылының басталуы және каникул кезеңдерінің мерзімдері айқындалсын
 - 2021-2022 оқу жылы 1 қыркүйек күні басталсын
 - Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасы
- Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері
 - 1-11 сыныптарда күзгі каникул -7 күн (2021 жылғы 01 қараша - 07 қараша аралығында),
 - қысқы каникул - 11 күн (2020 жылғы 30 желтоқсан - 2022 жылғы 09 қаңтар аралығы),
 - көктемгі каникул – 12 күн (2021 жылғы 19 наурыз - 30 наурыз аралығы)
 - 1 сыныптарға қосымша каникул -7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығы)
8. Бұйрықтың мазмұны барлық ата-аналарға, мектеп мұғалімдері мен оқушыларға жеткізілуі қамтамасыз етілсін.
9. Бұйрықтың орындалуына басшылық жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Балғынбаевқа жүкелсін.

Негізі: Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 19.08.2021ж
№184-н/к бұйрығы



Мектеп директоры: Б.Бейсекүл



Бұйрық № 145

1 Мамыр ауылы

06.05.2022ж

**«2021-2022 оқу жылын аяқтау және білім алушылардың
қорытынды аттестаттауын өткізу туралы»**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 хаты, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2022 жылғы 24 сәуірдегі №141 санды хатына және Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 жылғы 05 мамырдағы №143-н/к бұйрығына сәйкес 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жалпы білім беру ұйымдарының қорытынды аттестаттауын өткізу мақсатында бұйырамын:

I. Оқу жылын аяқтау және білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын өткізудің мынадай мерзімдері белгіленсін:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтары 2022 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
2. Негізгі орта білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау 2022 жылғы 28 мамыр - 6 маусым күндері аралығында өткізілсін.

28 мамыр – ана тілі, эссе

31 мамыр – математика, бақылау жұмысы

3 маусым – орыс тілі, диктант

6 маусым – таңдау пәндері: 9 «а» сынып, физика

9 «ә» сынып, биология

9 «б» сынып, география

3. Жалпы орта білім берудің білім беру, оқу бағдарламасын меңгерген 11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау, мемлекеттік бітіру емтихандары нысанында 2022 жылғы 27 мамыр - 10 маусым күндері аралығында өткізілсін.

27 мамыр – алгебра және анализ бастамалары, жазбаша

30 мамыр – ана тілі мен әдебиет, эссе

2 маусым – қазақстан тарихы, тест

7 маусым – орыс тілі, тест

10 маусым – таңдау пәндері: 11 «а» сынып, дүние жүзі тарихы

11 «ә» сынып, химия

II. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымы айқындаған мерзімде өткізілсін.

III. «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылын аяқтау қамтамасыз етілсін.

IV. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8, 10 сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

III. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мен басшылық жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Балғынбаевқа міндеттелсін.

Негізі: Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 жылғы 05 мамырдағы №143-н/к бұйрығы

Мектеп директоры:

Б.Бейсекүл